



**Елеусізова Индира Қаржаубайқызы,**  
*ҚР Заң шығару институты азаматтық, азаматтық іс жүргізу*  
*құқығы бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,*  
*заң ғылымдарының кандидаты*

## **ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы негізгі бағыты – әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу. Осы бағытты жүзеге асырудың басты талабы ретінде нарықтық экономиканың барлық тұстарын дамытып, мемлекет халқының әлеуметтік, экономикалық жағдайын жақсарту болып табылады. Алға қойылған мақсаттарға жету жолдарының бірі ретінде халықты тек материалдық игіліктермен ғана емес, сонымен қатар, материалдық емес игіліктермен де қамтамасыз ету шарасын қолдану қажеттілігі барлығымызға белгілі.

Қоғамдағы материалдық емес игіліктер азаматтардың интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері ретінде танылады және заң жүзінде қорғалуын талап етеді. Азаматтардың интеллектуалдық шығармашылық қызметінің құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды ісі. Сондықтан да біздің мемлекетімізде интеллектуалдық қызмет нәтижелерінің мәселелеріне айрықша мән беріліп, халықаралық Конвенцияларға қосылу мақсатында, өркениетті елдермен келісім-шарт жасасу жүзеге асырылуда.

Жалпы, кез келген тұлға жасына, психикалық дәрежесіне, азаматтығына, сондай-ақ өзге де мінездемеге қарамастан мәдениет және ғылым туындыларын ойлап-табуға, құрастыруға құқылы. Адамзат табиғатпен берілген мұндай қасиетті әртүрлі көлемде пайдалана алады. Қарқынды ойлап-табушы тұлғалар өз туындыларының заңды қорғалуын талап етеді.

Бұл рухани туындыларды заңды түрде реттейтін интеллектуалдық меншік құқығы мемлекеттіміздің заң жүйесінде жаңа құқық болып табылады. Бұрынғы заң жүйеміз мұндай ұғымды білмеген. Себебі, КСРО-ның тұсында интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері мемлекеттің немесе мемлекеттік ұйымдардың құзыретінде болған. «Интеллектуалдық меншік құқығы» термині

1991 жылы 31 мамырда КСРО Заң негіздерімен енгізілген [1, 622 б.].

Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелерін қорғау және реттеу – бұрынғы КСРО мемлекеттерінде, соның ішінде Қазақстан Республикасында маңызды орын алады. Өйткені, интеллектуалдық меншікті тиісінше қорғау мәселесі - мемлекетаралық экономикалық келісімдердің айрықша құрамы ретінде қарастырылады. Ешқандай мемлекет немесе фирма жаңа технологияларды заңды түрде қорғалмаған мемлекетке өз жетістіктерін әкелмейді. Интеллектуалдық меншік қорғалмайтын мемлекетке тек көне техника мен технологиялар әкелінеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін жеке меншік ұғымын енгізіп, халықаралық шарттарға қосылу ниетімен бұрынғыдан өзгеше интеллектуалдық меншікті қорғау жүйесін құрды. Жаңа жүйе бойынша өзінің интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесін басқа тұлғалардан қорғауды, сондай-ақ сол арқылы мол пайда табуды көздейтін кез келген автор не оның өкілі заңды түрде қамтамасыз етілген қорғау құжатын иеленуге құқылы. Мемлекеттің даму сатысында интеллектуалдық меншік объектілерінің барлығы дерлік заман талабына сай үлкен мұра екендігі даусыз. Оның құрамына мүліктік емес игіліктердің ауқымды көлемі кіреді. Нақтырақ айтқанда олар авторлық және сабақтастық құқық, сондай-ақ өнеркәсіптік меншік объектілерінен құралады.

Өнеркәсіптік меншік объектілердің патенттік қорғалуын енгізу нарық қатынастарына өту кезеңінде туындайды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін қабылданған 1992 жылдың 24 маусымындағы №1422-ХІІ Патенттік заңы тек біздің еліміз ғана емес, сонымен қатар ТМД елдерінің аумағында пайдалы модельдің құқықтық табиғатын сипаттайтын алғашқы заңдардың бірі.

Қазіргі жетілген талаптарға сай келетін нарықтық экономиканың қарқынды дамуы экономикалық айналымға өнеркәсіптік меншік объектілерін тиімді енгізуді талап етеді. Өйткені, еліміздегі өнеркәсіптің жүйелі тоқырауы мен отандық тауарлардың бәсекеге қабілетсіздігі жаңа технологияларды, жаңа техникалық және дизайндық шешімдерді іздеуге мәжбүрлейді. Сондай-ақ, өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау жүйесін құру қажеттілігі еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге ниет білдіруімен күшеймек. Себебі, бұл алға қойылған маңызды мақсаттарға жету үшін мемлекетіміздегі өнеркәсіптік меншік объектілерінің даму қарқыны шапшаң әрі жоғары дәрежелі сапаға ие болуы тиіс. Бұл талаптардың орындалуы үшін ұлттық заңнамамыз аталған объектілердің құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті. Өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғаудың жоғары дәрежеде жетілген жүйесін құру тек ұйымдастырушылық, қаржы және заңнамалық шараларды үйлестіріп пайдалану нәтижесінде ғана қол жеткізілуі мүмкін.

Жалпы алғанда, өнеркәсіптік меншік саласындағы білім кез келген тұлғаға өркениетті қоғамның басты талабы болып табылатын ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін қарқынды пайдалануды көздейтін нарықтық экономика талаптарында тиімді қызмет ету үшін қажетті болып табылады. Себебі, кез келген экономикалық мәселелер ғылым мен техниканың ұтымды үлесімінен құралған өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану арқылы шешіледі. Өнеркәсіптік меншік объектілерін қоғам мен мемлекет мүддесі үшін тиімді қолданудың алғышарты деп құқықтық негіздерін айтамыз. Осы саладағы құқықтық қатынастардың нормативтік реттелуі қазіргі кезде орын алған экономикалық жағдайларға сай болуы қажет.

Қазақстан экономикасы үшін интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері, соның ішінде әсіресе жаңа техникалық шешімдердің маңыздылығы барған сайын кеңейе түсуде. Өнеркәсіптің жүйелі тоқырауы мен отандық өнімдердің бәсекеге қабілетсіздігі патенттік қорғалуды қажет ететін жаңа технологияларды, жаңа техникалық және көркемдік-құрылымдық шешімдерді іздеуді талап етеді.

Нарық экономикасының негізгі бағыттары мен еліміздің бет алған тұрақты даму стратегиясында қамтылған міндеттерге жету техника мен технологияның жаңа нысандарының пайда болуын талап етеді. Осы талапты орындау үшін ең алдыменен табиғи жаңа, өнеркәсіпте қолдануға болатын, өнертабыстық деңгейі мен бірегей қасиеті бар материалдық бұйымдар арқылы қолданысқа енетін объектілердің құқықтық қорғау механизмі абсолютті болуы қажет.

Мемлекет басшысымен Қазақстанның болашақта әлемнің елеулі бәсекеге қабілетті елдер

қатарына қосылу міндеті қойылған. Шикізат экономикасынан бас тарту, ғылымның өндіріске барынша жақындауы, отандық индустрияның жоғарғы технологиялы-инновациялық жолға ауысуы қайта-қайта айтылуда. Осы мақсатта елдің ғылыми-техникалық потенциалын ғылым дамуының қажетті бағыттарына шоғырландырып, олардың жетістіктерін өндіріске белсенді енгізу үшін жағдай жасап, ынталандыру талаптарын қою қажет.

Техникалық шешім саласында қазіргі таңда орын алған жағдай мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша жасалатын ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыс өнімдерін игеру және оларды өндіріске енгізу механизмдері қалыптастырылмағандықтан, көпшілік жетістіктердің қолданыссыз қалуы айтылуда [2, 26 б.].

Бұл мәселені Батыс елдерінде ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкциялық жұмыс нәтижелерін тез арада өндіріске енгізу арқылы ұлттық өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеруде және жаңа әзірлеулерді енгізуші кәсіпорындарға бірқатар ынталандыру шараларын жүзеге асыру арқылы шешуде. Ол шаралардың қатарына енгізу кезеңінде салық төлемдерінен босатылуы, өндірісті ұйымдастыру үшін қайтарымсыз қаржы қаражаттары бөлінуі, тұтынушылар нарығын табуға ақпараттар берілуі, көрмелер ұйымдастырылуы сияқты және т.б. кірген [2, 27 б.].

Қазақстан үшін өнеркәсіптік меншікке құқықтарды қорғау қажеттілігінің негізгі себептері ретінде:

а) өнертапқыш қызметкерлері мен өнертапқыштарды ынталандыру арқылы өнертапқыштылықты дамыту және жаңа технологияларды әзірлеу деңгейін көтеруді;

ә) қоғамды, мемлекетті жаңа ашулармен қамтамасыз етуді;

б) жаңа технологияларды әзірлеуге кең көлемді қаржы жұмсалыуына қазақстандық және шетелдік инвесторларды тартуды;

в) ел экспортына жәрдемдесуді (өнеркәсіптік меншік объектілеріне сырт ел тұлғаларының құқықтары қорғалмаса, елге сырттан тауарлар әкелінбейді);

г) техникалық шешімдер авторларының құқықтарын қорғау арқылы әділеттілікті орнатуды;

ғ) ұлттық өнер мен мәдениетті қорғауды;

д) тұтынушыларды жалған тауарлар мен қызметтерді пайдалануына жол бермеуді қарастыруға болады [3, 35-37 бб.].

Өнеркәсіптік меншік объектілері санының ұлғаюы, олардың өндірісте кең қолданылуы еліміздің экономикалық дамуын басқарудың жаңа жүйесін қамтамасыз етеді. Және бұл жүйе дүниежүзін күшпен емес, зияткерлікпен жаулау-

ды білдіреді. Дүниежүзінде өнеркәсіптік меншік объектілерінің сандық деңгейі бойынша бірінші орындарды АҚШ (жылына 1 млн. халыққа 500 өнертабыс әзірленеді) пен Жапония (кемінде 1000 өнертабыс әзірленеді) иеленеді. Қазақстан өнертабысқа патент тіркеу саны бойынша ТМД елдері ішінде Ресей мен Украина сияқты елдермен бірінші үштікке кіреді. Бұл елдерде орташа есеппен жылына 1 млн. халыққа 100 өнертабыс әзірленеді [4, 37-39 бб.].

Еліміздегі өнеркәсіп саласындағы техникалық жетістіктер деңгейінің төмендігі, Қазақстанның ұлттық патенттер алу үшін өтінім санының төмендігі, тиісінше өтінім берушілермен қымбат еуразиялық патент жүйесін таңдауы ең алдыменен қорғау құжаттарының берілу мерзімінің ұзақтылығы болып табылатындығы айтылуда [5, 36-39 бб.].

Өнеркәсіптік меншік объектілері өндіріс құралдары мен тұтыну заттары, технологиялық өндірістер, ғылыми-техникалық және басқа да өнімдер ретінде айқындалады [6, 20-22 бб.].

Құқық әдебиеттерінде өнеркәсіптік меншік құқық ұғымына қатысты бірқатар пікірлер қабыптасқан, олардың ішінде оны екі санатқа бөліп қарастыратындары да бар. Атап айтқанда өнеркәсіптік меншікке құқық инновацияларды, үлгілер мен технологияларды құруды ынталандыратын құқықтан (өнертабыс, интегралдық микрокестелер, өндірістік үлгілер мен құпия ақпарат/коммерциялық құпиялар) және ерекше белгілерді (тауар белгілері, географиялық көрсеткіштерді) қорғау үшін арналған құқықтардан құралады.

Өнеркәсіптік меншік объектілерін азаматтық құқық жүйесі құрамында қарастырмайтын авторларда бар [7, 79-81 бб.].

Өнеркәсіптік меншік құқығы нақты тұлғалардың объективтік нысандағы интеллектуалдық меншіктің материалдық емес объектілерін мерзімді және мерзімсіз иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын белгілейтін құқық қатынастарын реттейтін әлеуметтік-құқықтық институт жиынтығы ретінде қарастырылатын пікірлер де орын алған [8, 70-74 бб.].

Өнеркәсіптік меншік қазақстандық заңнамаға халықаралық тәжірибеден жақын арада енгізілген. Құқықтық әдебиеттерде өнеркәсіптік меншік ретінде өндірісте пайдаланылатын заңмен қорғалатын интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелеріне және азаматтық айналымда пайдаланылатын тауар белгілеріне, қызмет белгілеріне, фирмалық атауларға, тауар шығарылған жер атауына ерекше құқықтар ұғынылған пікірлерде бар [9, 2-6 бб.]. Өнеркәсіптік меншікті меншік құқығынан ажырату қажет. Себебі, біріншісі интеллектуалдық (рухани) қызмет нәтижелеріне, яғни материалдық емес объектілерге қатысты құқықтарды қамтыса, екіншісі заттық құқықтарды қамтиды.

Әдебиеттерде интеллектуалдық меншік нәтижелері шығармашылық және шығармашылық емес қызмет нәтижелеріне бөлінеді. Өнеркәсіптік меншік интеллектуалдық қызмет шығармашылығы нәтижесінде пайда болады. Шығармашылық нәтиже жаңа, берігей болу және қайталанбастығымен сипатталады. Оларға интеллектуалдық меншік объектілерінің басым бөлігі шығармашылық қызмет нәтижелері болып табылады. Шығармашылық емес қызмет нәтижелері ретінде дараландыру құралдары (фирмалық атаулар, тауар белгілері, тауар шығарылған жер атауы), өндіріс құпиясы (ноу-хау) қарастырылады.

Бірегейлік, өнеркәсіпте қолдануға жарамды болу сипатымен жеке тұлға еңбегі нәтижесінде алынған жаңа техникалық шешім болып табылатын өнеркәсіптік меншік объектілері шығармашылық қызмет нәтижелері болып табылады.

Жалпы өнеркәсіптік меншік объектілері – қоғам өмірінің кез келген саласындағы жаңа, тәжірибеге енгізгеннен кейін заттық сипаты иеленетін техникалық немесе көркемдік-құрылымдық міндеттер шешімі.

Өнеркәсіптік меншік құқығы ретінде өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік меншік объектілері қатысты туындайтын құқық қатынастарын реттейтін интеллектуалдық меншік құқығының тармағын қамту жөн. Себебі, аталған объектілер басқа интеллектуалдық меншік объектілеріне қарағанда тек өндіріске қатысты пайда болады және жаңа техникалық шешімнің белгілі бір нысанынан құралады.

Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні шетелдерде патенттеу жоғарғы технологиялық өнім экспортының құқықтық инфрақұрылымын қалыптастырудың негізгі факторы. Дүниежүзінің дамыған елдерінде интеллектуалдық меншік объектілерінің құқықтық қорғалуына ерекше көңіл бөлінеді, себебі патенттік қорғалу деңгейі өнім экспортын анықтайды. Ол нарықта экспортталатын өнімнің енуі мен бекітілуіне қажетті құқықтық алғышарттарды қалыптастырады, бәсекелестік тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді, бәсекелестік құрылым қызметтерін қорғайды. Сондай-ақ, шет елде патенттеу ұзақ мерзімдік инвестициялық салым болып табылады және құқықтық қорғауды қамтамасыз етуде жүйелік, кезектілік көзқарасты талап етеді. Мәселен, шет елдерде патенттеу тәжірибесі бойынша бір технологияны сенімді құқықтық қорғалуы үшін орташа есеппен 6-8 патент алу керек және оған бес-жеті мың доллар көлемінде қаражат керек, әрі кемінде бір жыл уақытты қажет етеді.

Жалпы ғылымның өндіріске қарай ұмтылуы біздің ел үшін маңызды, себебі олсыз біз азаматтық қоғам потенциалының қажетсіздігіне, ал ел экономикасының шикізатқа ғана негізделуіне

және оның салдарынан қазба байлықтарды жоғалту қаупіне тап келуіміз мүмкін. Осындай саясатты жүргізу өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау жүйесін барынша дамытуды талап етеді. Мақсатты жүзеге асыру ең алдымен осы саладағы құқықтық институттарды жан-жақты қарастырып, заңнамаларды талдап, оларды жетілдірудің жаңа жолдарын табуды көздейді.

Сонымен, өнеркәсіптік меншік құқығы ел экономикасында ерекше рөл атқаратын азаматтық айналымға заң талаптарына сәйкес жаңа, өнеркәсіпте қолдануға жарамды техникалық шешімдердің материалдық нысандарын енгізуді қамтамасыз ететін интеллектуалдық меншік құқығының бір саласы.

### Қолданылған әдебиет

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий / Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы: Жеті жарғы, 2000. - 800 с.
2. Мендебаев Т. Инновационная экономика и патентование изобретений за рубежом // Интеллектуальная собственность Казахстана. - 2006. - № 3,4.
3. Доминик Де Ступ, Линда Скейлс және Эдоардо Фано. Интеллектуалдық меншікті қорғау саласындағы халықаралық стандарттары және Еуропалық одақтың стандарттары. - Астана, 2004. - 356 с.
4. Абдраимов Б. Защита интеллектуальной собственности в Казахстане: проблемы и перспективы // Юрист. - 2005. - №9.
5. Каудыров Т.Е. Казахстанский предварительный патент: еще послужить или... // Интеллектуальная собственность Казахстана. - 2006. - №2.
6. Постановление Совета Министров Республики Беларусь №368 от 06.03.1998. «Положение о порядке и условиях государственного стимулирования создания и использования объектов промышленной собственности» // Главный бухгалтер. - 1998. - №12.
7. Крымкин В.В. Патентное право и права на средства индивидуализации // Цивилист. - 2010. - № 1.
8. Форманюк М.М. Новизна как условие патентоспособности изобретения в соответствии с региональными системами патентования // Современное право. - 2010. - № 2.
9. Амангельды А. Комментарий к патентному закону РК // Предпринимательство и право. - 2004. - №11 (249).
10. Зильберборд А.Л. Рационализаторские предложения и полезные модели. Что общего? // Патенты и лицензии. - 2010. - № 3.
11. Ландин А.В. Использование результатов НИОКР в качестве объектов патентных прав // Патенты и лицензии. - 2010. - № 1.

*Мақалада автормен өнеркәсіптік меншік объектілерінің негізгі белгілері интеллектуалдық меншік құқығының жүйесі құрамында қарастырылған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік меншік объектілерінің құқықтық табиғатын анықтау мен аталған объектілерге құқықтық қорғау көрсетілу тәртібін белгілейтін ұлттық заңнама ерекшеліктерін айқындау бойынша ұмтылыс жасалған.*

*В статье автором раскрыты основные черты объектов промышленной собственности в системе права интеллектуальной собственности. Также принята попытка по определению правовой природы объектов промышленной собственности в Республике Казахстан и рассмотрению особенностей национального законодательства, которая закрепляет порядок предоставления правовой охраны данным объектам.*

*In the article an author is expose the basic lines of objects of industrial property in the system of right of intellectual ownership. Also, an attempt is accepted on determination of legal nature of objects of industrial property in Republic Kazakhstan and consideration of features of national legislation, which fastens the order of grant of legal safeguard these objects.*

**Түйін сөздер:** өнеркәсіптік меншік объектілері, интеллектуалдық меншік, өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі, техникалық шешім, патентке қабілеттілік.

**Ключевые слова:** объекты промышленной собственности, интеллектуальная собственность, изобретение, полезная модель, промышленный образец, техническое решение, патентоспособность.

**Keywords:** objects of industrial property, intellectual property, invention, useful model, industrial prototype, technical decision, patentability.